

Әдебиеттер тізімі

1. Жүкеев Т.Б. Қазақ тіліндегі пысықтауыш мүшеге қатысты синкретикалық құбылыстар: Филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. — Астана, 2005. — 28 б.
2. Жүкеев Т.Б. Қазақ тіліндегі пысықтауыш мүшеге қатысты синкретикалық құбылыстар: Филол. ғыл. канд. ... дис. 10.02.02. — Қарағанды, 2005. — 43-б.
3. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі: Оқулық. — Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының РБК, 1999. — 89-б.
4. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. — Астана, 2002.
5. Серғалиев М. Синтаксис мәселелері: Монография. — Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. — 83-б.
6. Хасенов Ә. Тіл біліміне кіріспе. — Алматы: Рауан, 1990. — 111-б.
7. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі: Оқулық. — Өңд., толық., 2-бас. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2003. — 34, 35-б.

ӘОЖ 81' 373.422/512,122

Паремнологиялық қайшылықтар

Жүсіпов А.Е.

Рудный индустриалдық институты

Статья посвящается изучению вопроса о языковой природе пословиц и поговорок, способных использоваться в различных языковых ситуациях. Автор на основании сопоставительного анализа идиом казахского языка с другими языками рассматривает явление несоответствия путем сравнения значений слов, входящих в состав фразеологизма, что позволяет увидеть особенности формирования категории значения. В статье лингвистически обосновывается явление парадокса, подтверждаются результаты анализа достаточным языковым материалом.

The article is devoted to consideration of a question on the language nature of idioms which can use in different situations. Author of the article on the basis of the comparative analysis of the Kazakh language with other languages proves a phenomenon of opposition in aspect of semantics which allows to show a formation of a category of meaning. Also authors confirm a phenomenon of paradox, and they show results of the analysis of idioms by a sufficient language material.

Антикалық кезеңде қарама-қайшылық мәселесі батыста Платон және Аристотель еңбектерінде, суфистерде талқыланды. Қайшылықтың тілдегі және тілдесім кезіндегі қырлары стоиктер мен александрия мектебі грамматиктері, сонымен бірге Цицерон мен Секст Эмпирик еңбегінің өзегі болады. Қайшылық Шығыс елдерінде джайнист және будда логиктері, қытай даоцисі және парадоксалисі Хуэй Ши және Гунсунь Лун еңбектерінде жан-жақты зерттелген болатын. Ежелгі христиан кезеңінде Августинді осы сұрақ қатты қызықтырды, орта ғасырда схоластик Абельяр, Оккам, Гроссетест, Риард Софист және басқалардың еңбегінде қайшылық түрлі қырынан талданды. Н.Кузанский, Л.Валл және Дж.Бруно әлемнің құрылысы мен дамуындағы қайшылықтың орнын айрықша атап өткен болатын. Жаңа кезеңде Лейбниц пен Кант осы мәселеге аса мол көңіл бөлді. Гегель бұл мәселеге диалектикалық тұрғыдан келіп, Аристотельдің логикасын сынға алды. Ғаламның логикалық құрылымын Герbart пен Бредли қайтаруға тырысты. Қарама-қайшылықтың лингвистикалық қырын алғаш рет антиномия түрінде зерттеген В.Гумбольдт болатын.

Түрлі кезеңде қайшылық сараптау нысаны ретінде әр түрлі зерттеушінің еңбегінде кейде қарама-қарсылықтың соқтығысу нәтижесі, кейде таза және логикалық қайшылық түрі, кейде антиномия мен дилемма, кейде софизм мен парадокс деген атпен, кейде тілдік ауытқу түрінде талданған болатын. Тіл-тілдегі қайшылық, оның формасы мен қызметі сан түрлі, сондықтан көптеген зерттеушінің зерттеу нысанына айналды. Қайшылық қазақ тіл білімінде С.Аманжолов, М.Балақаев, Р.Сыздықова, Р.Әміров, М.Серғалиев, Ш.Сарыбаев, Б.Шалабаев, Қ.Аханов, С.Исаев, Х.Есенов, Х.Нұрмұқанов, М.Кожина, Ж.Мусин, Г.Смағұлова, С.Абақан, А.Жұмабекова, А.Ислам, Д.Әлкебаева, С.Қоянбаева, А.Әділова, Б.Кәукербаева, А.Бекмашева, Ж.Әділбекова және тағы басқа ғалымдардың жұмыстарында кей қырынан қарастырылған.

Біздің жұмысымызда қайшылықтың логикалық қыры лингвистикамен байланыста ғана қаралады. Жұмысымызға біріншіден, әдетте логикалық термин ретінде жұмсалатын «қайшылық» терминіне лингвистикалық балама, екіншіден тілдік және тілдесім қайшылығының өзегі ғана емес, кез келген тілдесім қайшылығынан шығудың әмбебап тәсілі болғандықтан «аллофрония» терминін енгізіп отырмыз.

Қарама-қайшылық құбылысының өте күрделі де іргелі мәселе екенін, оны философия, логика, семантика, стилистика, эстетика, психология, теология және т.с.с. ғылымдарды түйістіре отырып зерттеу керектігін, бір жұмыс шеңберінде талдау мүмкін еместігін түсінеміз. Аллофронияның тілдік мысалын санамалап беру, тілдік қайшылықтарды анықтау, қайшылықты анықтау критерийі, қайшылыққа қатысты түрлі көзқарасты іріктеуге байланысты қиындықтар болды. Осы қиындықтардың барлығы да мәселе бойындағы қайшылықты ашудың қажеттілігіне көз жеткізіп отыр. Теориялық база қайшылықты не зерттеудің негізгі нысаны, не басқа да мәселенің бөлігі деп қарастырушы авторлардың жұмысынан алынды.

Жалпыфилософиялық аспектіде қарама-қайшылықты зерттеушілер Гегель диалектикасын қолдаушылар, мәселен, Ф.Энгельс, марксистер Г.Плеханов, Н.Бухарин, А.Богданов және түсінік берушілер А.Деборин, Ф.Георгиев, Л.Петровичева, В.Горбач, Э.Ильенков, И.Нарский, А.Спиркин, К.Бакрадзе, Б.Базаров, Г.Брутян және басқалар, марксист емес-зерттеушілер С.Хук, М.Вольфф, Р.Туардини, Х.Кляйн және тағы басқалар. Тарихи философиялық бағытта осы төңіректе зерттеу жүргізгендер: П.Попов, Н.Стяжкин, А.Богомоллов, А.Кожев, Дж.Пассмор, Д.Зильберман, В.Соколов, А.Чанышев, С.Радхакришнан, С.Чаттерджи, Д.Датта, Ф.Пиронэ, А.Степанова, М.Степанянц және басқалар. Ғылыми теория мен тәжірибе кезінде ғылыми философияда қарама-қайшылықтың барын дәлелдеп берген ғалымдар: В.Гейзенберг, Н.Бор, А.Уайтхед, С.Люпаско, Г.Башляр, В.Ланге, А.Сухотин.

Қарама-қайшылықтың әлеуметтік және әлеуметтік-прагматикалық сипатына тоқталып өткен ғалымдардың ішінен К.Маркс, Г.Зиммель, Л.Леви-Брюль, З.Фрейд, А.Кожинский, П.Вацлавик, Д.Бивин, Д.Джексон, А.Уилден, Н.Луман, Р.Рюйер, Ж.Вюненбюржэ, Ф.Юэр, М.Бейгбэдэ, И.Барель атап өтсек болады. Діни мәтіндердегі қарама-қайшылықты қарастырғандар Климент Александрийский, К.Тертуллиан, А.Кентерберийский, П.Абеляр, Ф.Аквинский, Б.Дакийский және басқа да теологтар мен философтар. Шығыс дінін зерттеушілер де осы мәселені сырт айналып өткен жоқ, олардың ішіндегілер О.Розенберг, Ф.Щербатский, Д.Судзуки, Е.Завадская, Н.Абаев, В.Андросов, А.Игнатович, С.Лепехов, В.Пупышев, Т.Григорьева, Дж.Гарфилд, Г.Прист, А.Массе, И.Шах, У.Читтик, К.Юнг, П.Флоренский, П.Тиллих, Б.Раушенбах, Л.Крейн, С.Исаев және басқалар.

XIX ғасырдың орта шенінен бастап қарама-қайшылық пен парадоксты әлеуметтік және әлеуметтік-прагматикалық тұрғыдан сипаттаған ғалымдар да бар, олар Г.Фреге, А.Мейнонг, Ф.Брэдли, Н.Васильев, Я.Лукаевич, Б.Рассел, У.Сторман, А.Черч, Н.Мулуд, Я.Хинтика, Г.фон Вригт, Р.Павиленис, А.Шафф, Й.Бар-Хиллель, Л.Витгенштейн, С.Кэмпбелл, В.Целищев, Л.Тондл, Н.Решер, Ч.Пайл, С.Мэйпер, Б.Гинзбург.

Әдебиеттанудағы және эстетикадағы қарама-қайшылықты қарастырғандар М.Бахтин, А.Лосев, Ю.Лотман, И.Силантьев, Н.Федоренко, Л.Сокольская, М.Тоэска, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдолов, Т.Қожакеев, Р.Коли және тағы басқалар. Қарама-қайшылықтағы күлкінің орнын сараптауға қатысты жазылған еңбектері бар ғалымдар А.Бергсон, З.Фрейд, А.Кестлер, А.Вулис, Ю.Борев, Л.Карасев, А.Лук, Д.Лихачев, А.Панченко, Р.Понырко, В.Пропп, Г.Почепцов, В.Овсянников, В.Санников, Т.Қожакеев, А.Мұсаев, Г.Демесинова, Г.Қортабаева және тағы басқаларды атап өтуге болады.

Қарама-қайшылық жалпылингвистикалық аспектіде мына ғалымдардың еңбегінде қарастырылды: Г.Пауль, Ф. де Соссюр, Ф.Полян, С.Карцевский, В.Волошинов, Ш.Балли, Э.Косериу, Э.Бенвенист, Ж.Делёз, Э.Кассирер, В.Звегинцев, Н.Арутюнова, Ю.Степанов, В.Одинцов, В.Девкин. Тілдік кезіндегі қарама-қайшылыққа тоқталып өткен ғалымдардың ішінен Г.Колшанский, Н.Комлев, Е.Падучеваны атап өтуге тұрарлық.

Қарама-қайшылықтың жеке лингвистикалық аспектілерін жан-жақты талдаған ғалымдар — Р.Якобсон, М.Бахтин, А.Пешковский, В.Шерцль, Н.Трубецкой, В.Виноградов, Н.Шанский, Д.Шмелев, Л.Васильев, Ю.Апресян, Л.Новиков, З.Ураксин, Г.Пермяков, «Логический анализ языка: противоречивость и аномальность текста» жинағының авторлары, С.Абель, Сами-Али, К.Бюлер, Дж.Макколи, У.Вайнрих, З.Вендлер, П.Фарб, М.Кусси, Е.Вольф, Т.Миролюбова, Б.Мучник,

С.Колесниченко, А.Мурадян, Г.Эйхбаум, Т.Винокур, А.Анисимов, С.Нухов, М.Сидоренко, М.Марутаев, Б.Ганеев.

Тіл-тілдегі қарама-қайшылықтарға қатысты зерттеулер жүргізген ғалымдарды атап өтер болсақ, олар Б.Гранде, В.Ушаков, О.Фролова, Л.Рену, Т.Елизаренкова, В.Кочергина, В.Горелов, А.Драгунов, Т.Корчагина, И.Головнин, А.Пашковский, О.Фролова, А.Кунин, Е.Шендельс, қазақ тіл білімінде Ж.Мусин, М.Оразов, Х.Нұрмұқанов, А.Жұмабекова, А.Салқынбай, С.Қоянбекова, А.Әділова, Б.Кәукербаева, А.Бекмашева, Ж.Әділбекова және тағы басқалар.

Стилистикалық және риторикалық аспектіде, қарама-қайшылықтың парадокс, метафора және екіұштылығын зерттеушілер де көптеп табылады: Аристотель, Цицерон, Дандин («Кавьядарша»), Б.Грасиан, Ш.Балли, Э.Ирих, У.Эмпсон, К.Брукс, О.Барнет, Б.Дебатин, Дж. Лакофф, М.Джонсон, М.Блэк, Дж. Серль, Д.Дэвидсон, Н.Гудмен, Б.Хасанұлы және басқалар.

Лингвистикалық стилистикалық және риторикалық қырынан қарама-қайшылықты сараптаған зерттеушілер: Х.Пальяро, Х.Вильяр, К.Коморовски, В.Успенский, Н.Шпекторова, Н.Елина, Г.Семен, И.Арнольд, М.Брандес, Э.Ризель мен Э.Шендельс, Дюбуа Ж. және басқалар. Қарама-қайшы сөздің синтагматикалық оппозициясы келесідей құрылымдық типке бөлінеді.

X немесе У семантикалық қатынастың екі негізгі түрі: қарсылықты (күшті) (e_1) — *Оның адамдар туралы бір-ақ ойы болатын — жақсы немесе жаман, оларға не сенетін, не сенбейтін* (М.Х.); — *ыңғайлас-қарсылықты (жеңілдетілген) (e_2) — Оның енді бар түсінгені — қазір ол туралы не жақсы, не жаман ойлағысы жоқ* (М.Х.). Бірінші жағдайдағы *немесе/не/* шылауы жоққа шығару мағынасында жұмсалған (не А, не Б), ал екінші жағдайда — жоққа шығару жоқ (не А, не Б, не сол немесе басқа не бәрі бірге) деген мағынаны үстеп тұр.

Фактілердің кезектесу, бірінен соң бірінің келуі мағынасында *біресе X біресе У, бірде X бірде У* олардың бірі екіншісімен бірге бола алмайды (f): *Мойнындағы орамалын біресе байлап, біресе шешіп қарт ана не істерін біле алмай біраз тұрды* (М.Х.). *Қол ұшыңды бір беріп кетсең етті бір келіп, көрсең етті құрбыңды, бірде — тірі, бірде — өлік...* (М.М.).

X емес У, X, бірақ У — қарама-қарсы мағынада — (с): *Кәрия емес, жас әйел үйден шығып, атымды байлап жатыр ағашқа...* (М.М.). *Буы бұрқыраған жас топырақ емес, жел үрлеп, жауын шайып көнерген, иесіз, ескі іннің аузындағы үйінді сұрықсыз топырақ* (М.М.). *Сен жүз жасайсың, мен алғашқы ызғырықпен өшем. Бірақ мен өлмеймін* (М.М.).

X > У-тен, У гөрі < X (не керісінше) — ортақ салыстыру мағынасында (g): *Қорлық өмірден ерлік өлім жақсы* (М.). *Соңынан қуа зуалаған екінші алғашқыдан гөрі кішірек үшкір тас Бардасоқтың үстінен асып, тобылғының арасына түсті* (М.М.).

X-тен-У-ке дейін, X-тен У-ке, X-тен У-ке және т.с.с. барлық зат, құбылыс, қасиет, сапа қамтитын мағына қарама-қарсылығын көрсетуде: *Басынан аяғына дейін, ерліктен елдікке, таңнан кеш батқанша дейін және т.с.с. Ертеден қара кешке дейін сілбіреп тұрғаны* (М.М.).

X У, X = У бірінің қарама-қарсылығы екіншіге ауысады — (i): *Бәрі бір мезетте қиындық туғызды емес пе — ең оңайы да* (М.Х.). *Бірінің жеңісі екіншісінің жеңілісіне айналған шаққа тап болдық* (К.С.).

X/У, X//У, (бұнда / белгісі — бірлесу, қосылу интонациясын береді, ал // белгісі — қарама-қарсылық интонациясын береді) — бұл сөйлемде семантикалық байланыстың формалды синтаксистік құралы ретінде бірлесу, санамалау, қарама-қарсы қою интонациялары жатады: *Бәрін қойшы, бәрі де өтер тоқтаусыз, өмір, өлім, өнбей, өспей, жоқ барсыз...* (М.М.). *Сен жүз жасайсың, мен мәңгіліктің* (М.М.). Қарама-қайшы оппозиция құрылымдық типтерінен төмендегідей семантикалық мағына туындайды:

- (a) — бірлестіру (конъюнкция);
- (b) — салыстыру;
- (c) — қарама-қарсы қою;
- (d) — қарама-қайшылық (қарама-қарсылық негізінде);
- (e) — бөлу (қарсылықты, дизъюнкция);
- (e_1) — күшті дизъюнкция;
- (e_2) — жеңілдетілген дизъюнкция;
- (f) — кезектесу;
- (g) — салғастыру, теңеу;
- (h) — қарама-қарсылыққа бөлінген барлық зат, құбылыс, қасиет, сапалардың класын қамту;

(і) — қарама-қарсылықтардың бір-біріне айналуы және т.б. Осы қайшылықтың мақал-мәтелдегі орнын төмендегі мысалдар арқылы талдаймыз.

Көптеген ғалым мақал-мәтелді тілдің фразеологиялық бірлігіне қисынды түрде жатқызып жүр, ал формасына қарасаң ол — «қысқа тәмсіл», ауыспалы мағыналы аяқталған сөйлем. Мақал-мәтелдер — қай халықтың да жан-дүниесі, мінез-бітімі, тыныс-тірлігінің айнасы; сол халықтың сөздік қорының байлығын жанытып қана қоймай, оның уақыт озған сайын құны артпаса арзымас қазына екенін де сездірер белгісі. Өйткені мақал-мәтелдің айтары — өсиет, ұлағат, тәлім, парасат, ізгілік.

Мақал-мәтелдер — қай тілде болмасын, халық даналығының қайнар көзі, ақылман ойшылдар, ділмәр-шешендер, айтқыш даналар сөзінің мәйегі, ұйтқысы болып саналады [1]. Мақал-мәтелдер — сан ғасыр бойы халықтың қоғамдық даму үрдісінде қалыптасқан ұстанымы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, оның тарихы, рухани мәдениетінің қайнаркөздері жайында мол ақпарат беретін тілдік қор.

«Мақал-мәтел — қысқа, ырғақты, тілдесімде тұрақты халықтың бейнелі нақыл сөзі» [2]. Осында айтылған қасиеттің көбі (қысқа, тұрақты, бейнелілік) фразеологизмге тән. Мақал-мәтел аллофрониялығы тура мәнімен емес, сол секілді жағдаятта қолданыла алу мүмкіндігімен ерекшеленеді. Мақал-мәтел арқылы сөйлеуші айтылмаған ойды бағалайды, сипаттайды.

Көптеген мақал-мәтелдің тағы бір қыры — олардың парадоксқа құрылуы. Ағылшын тілінің Уэбстер сөздігінде мақал-мәтелге берілген негізгі анықтамаға қоса, «бұл — тосын не парадоксты пікір» дегенді айтады. Ендеше қайшылық мақал-мәтелге екі рет: алғашында фразеологиялық бірлікке, екінші ретінде мақалдың басым бөлігін құрайтын парадокс пікірге енеді.

Парадокс мақал-мәтелдер негізгі үш топты құрайды:

Гномалық (гректің *γνώμη* — «ақыл, білім, пікір» деген сөзі, сонымен қатар гнома — «ұлағатты пікір», «өсиет» ретінде де қолданылады), яғни осы қоғамда өмір сүретін көпшіліктің көзқарасына қайшы келетін пікірді білдіретіндер: *күндердің күнінде* — осы күндердің бірінде емесі анық.

Семантикалық, сырт әлемге тура бағыштамай-ақ сол пікір шеңберінде орын алатын қайшылық: *асығуын асықпай-ақ қой, бірақ тездет.*

Әзіл және сөзойнатымдық (каламбур): Анашым, әкеме күйуге шығуың саған оңай-ақ болды, мені бөтен ерге бергің-ақ келеді.

Кейде мақал-мәтелдегі парадокс прагматикалық тұрғыда қарапайым, қарабайыр десе де болады, көбіне сол тіркес екінші шекке өтіп, әдетте парадокс ретінде қабылданады. Мақал-мәтелдің парадоксы семантикалық және прагматикалық деңгейде туындайды. Семантикалық деңгейде парадокс туындатушы логикалық қайшылық мәтін ішінде, ал прагматикалық қайшылық — мәтін мен мәнмәтін әрекеттескен кезде туындайды.

Парадокс мақалдар туралы ғылыми еңбегінде Матти Кусси халық арасында мол қайшы пікірдің барлығын көрсетті [3]. Кусси парадоксты ұлғайтқыш деп атаған. Алайда сипаттайтын екі нысаны бар кей антонимдік тілдік бірлікті парадокс қатарына қосуға негіз бар ма? «Мысықтың қуанышы — тышқанның көз жасы», «Байлар кедейдің салығы есебінен күн көреді», «Бүгінгі алтын — ертеңгі шаң». Бұл жағдайда парадокс жоқ, тек қарама-қарсылық қана бар. Х Х емес формуласына негізделген «алтын — алтын емес, нан — алтын» іспетті парадокстар тосындығымен тыңдаушыны қайран қалдырады деген ойды да осы Кусси айтады. Х у-тен артық, жақсырақ салыстырмалы формулаға негізделген «Өз зұлымың өзгенің ұлығынан артық» секілді мақалдар да тіл білімінде көптеп кездеседі. Алайда «Жүз рет естігенше, бір рет көр», «Алты қорқақтан бір батыр артық», «Жүз доллардан жүз теңге артық» деген сияқты мақалдарда парадокс бар деу қиынға соғар. Салыстырмалы парадоксты «Саво елінің адамынан гөрі қасқырды иландырғаның артық» іспетті мақалды алып, болуы мүмкін емеске қарағанда болуы ықтимал дүниемен салыстырудың өзі парадокс туындатады деген оймен қорытындылайды.

Мақалдағы парадокстың негізін құрайтындар:

- (а) қарама-қарсылық түсінігіне екі қарама-қарсы эпитет қарсы тұрады;
- (ә) эпитет тағы бір эпитетпен «соқтығысады»;
- (б) бір эпитет екі қарама-қарсы эпитетпен байланысады немесе олар басқаша анықталады;
- (в) аксиомалық шындыққа қарсы шығады;
- (г) әдетте «мүмкінге» қарағанда «болуы мүмкін емес» іске асады;
- (ғ) «жақсы/жаман», «көп/аз», «төмен/жоғары» сияқты мағына тәртібі «төңкеріледі»;
- (д) «х у болса, онда у х» деген құрылым құрылады.

Парадокс мақал-мәтелдер екі есе кереғар, себебі үнемі бір-біріне қайшы шығып тұрады. 1887 жылы «Нью-Йорк Таймс» газетінде жарық көрген «Влияние пословиц» деген мақала авторы мақал-

мәтел дегені дұрыс емес, үнемі бір-біріне қайшы болады, шынайы болып көрініп адамды арбайды, «Ғұламаның тапқырлығы әрі бұқараның даналығы» емес, «Азшылықтың сопылығы мен көпшіліктің жөнсіздігі», «Молчание — знак согласия», «В тихом омуте черти водятся» сияқты мақалдар құндылығы даулы, ал кейбірі тіпті бір-біріне қайшы пікірді білдіреді деген. Мысал ретінде ағылшын тіліндегі: «A little learning is a dangerous thing» — «Аздаған білім қауіпті», «It is better to know something than nothing» — «Түк білмегеннен де аздап білген жақсы» деген мақалдарды салыстыра отырып сынауға алады. В.Мидер бұл тұжырымға қарсы шықты: мақал-мәтелдер — универсалийлер емес, олар адам тәжірибесінің әрқилы қырынан хабар береді, сондықтан да бір-біріне қайшы, себебі өмірдің өзі қарама-қайшылықтан тұрады [4]. Мақал-мәтелдердің айрықша тобына сәйкес жұп мүшесінің мәніне семантикалық тұрғыдан қайшы келетін мақал-мәтелдер жатады. Олар көбінесе парадокс мақалдың бірінші тобына жатады: «Ащы шындықтан, тәтті өтірік артық», «Тәтті өтіріктен, ащы шындық артық» «Шыңғырған шындық» деген нұсқасы да қолданылатынын білеміз. Өз кезегінде осы типтегі мақал-мәтелдерді екі топшаға бөлуге болады: (1) бір-бірінен тәуелсіз, жеке тұрып та парадоксты болып қабылдана беретін мақал-мәтел жұптары: Өтірік болмаса, шын екенін кім білер. Шындық болмай, өтірік те болмас; (2) өздігінен жеке тұрып нақты мағынадан хабар бететін, мазмұны түсінікті, алайда бір-біріне қарама-қарсы қойылған кезде тыңдаушы қайшылық пен парадоксқа тап болатын мақалдар. Салыстырған кезде қайшылық туындайды. *Қонақ қойдан жуас. Мықты қонақ қожасын билейді. Қонақ берсең етіңді жейді, бермесең бетіңді жейді. Қонағым сен ем деме, мен кет демеймін. Тойға барсаң бұрын бар, бұрын барсаң орын бар. Көп күттірген — сыйлы қонақ* [ҚХММ 2001: 246–265].

Қандай да мақал-мәтелдегі қалыпты не парадоксты таңдау мәліметті жіберуші не қабылаушының талғамына байланысты. Осындай (тілдесімге қатысушы көзқарасына тәуелді) парадоксты мақал-мәтелді гномалық парадокс мақалдар деуге болады.

Мақал-мәтелдің кез келгенін қарама-қарсы қою парадокс туындата бермейді. *Теңіз — біздің егістік: балық та, нан да терістік. Теңіз егістік емес, себер ем, тұқым жетпейді.* Бұл екі мақал бір-біріне қайшы, алайда парадокс жоқ, себебі бірінші жағдайда «егістік» метафоралық, екінші жағдайда тура мағынада қолданылған.

Мағынасы қайшы мақал-мәтелдер жұбы — қазақтың тілдік бейнесінің тамаша көрінісі: *Үндемеген үйдей пәледен құтылады — Жыламаған балаға емшек бермейді; Адам көркі — шүберек, ағаш көркі — жапырақ — Киіміне қарап қарсы алады, ақылына қарап шығарып салады;*

Парадокс мақал-мәтелдер тіл тілде көптеп кездеседі. Тура баламасы болмаса да, соған жақын ұқсастары жетіп артылады.

ҮНДЕМЕГЕННЕН ҮЙДЕЙ ПӘЛЕ ШЫҒАДЫ — орыс. *Тихая вода берега помывает; тихие воды глубоки; В тихом омуте черти водятся;* башқ. *Йүкә шына имән яра* — тынық су жағалауды шаяды; *Тымық күлдә корт үйнай* — тынық көлде сайтан жүрер; *Тәрән йылға тың аға* — ақырын дауыс алыстан естілер; ағылш. *Still water are deep* — тынық су терең болар; суах *Ki mya kingi kina mshindo mkuu* — терең тыныштықта шу мол (Жаңалық болмаса, жамандық күт, тынық көлде сайтан жүрер).

ЖАМАН АЙТПАЙ ЖАҚСЫ ЖОҚ — орыс. *Не было бы счастья, да несчастье помогло; Нет худа без добра и добра без худа;* башқ. *Искеңез яны булмас, ямансыз яхшы булмас* — жамандықсыз жақсы жоқ; *Ямансыз яхши булмас, яхшысыз яман булмас* — зұлымдықсыз — жақсылық, жақсылықсыз — зұлымдық жоқ; жап. *Сонситэ току торэ* — шығыннан да пайда көр (Біреуін жоғалтсаң, келесіні табарсың); ағылш. *Every (dark) cioud has a silver lining* — әр бұлт күміспен апталған (Жамандықсыз жақсы болмас); *It is an ill wind blows nobody good* — жақсылық әкелмес желден не қайыр (Жамандықсыз жақсы болмас); суах. *Kiryu kinyelmi kingawa kidonda* — жара болса да, жананың аты жаңа (Не істелсе де, жақсылыққа).

АСЫҚПАҒАН АРБАМЕН ҚОЯНҒА ЖЕТЕР — орыс. *Тише едешь — дальше будешь;* башқ. *Ашықһаң да, капаланма* — асықсаң да аптықпа; *Ғин ашықһың, ул кабалана* — сен асығасың, ол аптығады; *Әркән барған тиз житә* — ақырын жүрсең, тез жетерсің; *Ашықсаң, соңға каласың* — асыққан — кешігер; ағылш. *Make haste slowly* — ақырындап тездет; *More haste, less speed* — асыққан сайын жылдамдық тежелер; жап. *Tanki-wa sonki* — асықсаң — күлкіге қаларсың; суах. *Pole pole ya kobe humfisha mbali* — тасбақаның баяулығы алысқа өрмелеп кетуіне кедергі емес.

ҚОЙШЫ КӨПТЕ ҚОЙ АРАМ ӨЛЕДІ — орыс. *У семи нянек дитя без присмотра; Где много пастухов, там овцы дохнут;* тат. *Ирләр күп болса, утын юк; хатынныр күп булса, су юк* — бұл жерде, қазақтың «еркек көп болса, отын жоқ, қатын көп болса, су жоқ» деген мақалына сай. Жап.

Kiyobimbo — он саусағынан өнер тамған адам бір өнерді де тереңінен білмейді, алтын қолды адам кедей; *Tagei wa tugei* — бәрін істей білу — ештеңе істей алмау дегенді білдіреді; ағыл. *Too many cooks spoil the broth* — аспаз көп болса ботқаны бүлдірер.

ЕТІКШІ БІЗГЕ ЖАРЫМАС — балық суда жүріп шөлдейді, орыс. *Сапожник ходит без сапог*; башк. *Итексенең итеге тишек, тимерсенең балтаһы китек* — етікшінің етігі тесік, ұстаның балтасы кетік; *Тимерсе бысакка йәлсемәс* — ұста пышаққа жарымас; ағыл. *The coddler's wife is the worst shod* — етікші әйелінің етігі жоқ (басқалардан кем киінген).

Жұмыс барысында жасалған мол зерттеу негізінде формалдық модельдің әрқилығына қарамастан, парадокс мақалдардың басым көпшілігі сапалық баға принципіне сай құрылған деген шешімге келіп отырмыз. Әр формалдық модель үшін бағаның семантикалық формуласын ұсынып отырмыз. @ — мәнмәтін/ контекст;! — жақсы;! — үздік;? — жаман;?? — нашар; & — конъюнкция; Ø — нольдік элемент; а — шағын өлшем; А — кері өлшем; а, А — қайшы сәйкестіктер.

П-1. *Айран ішкен құтылар, шелек жалаған тұтылар*

(? а)?? (? АА) @ ұрлық (шағын жаман үлкен жаманнан нашар);

П-2. *Өлуге емес, өмір сүруге қорық*

! А? &? А! @ өмір мен өлім (жаман — жақсы, жақсы — жаман);

П-3. *Досы көптің жауы да көп*

! АА =? АА @ дос және жау (жақсы мол — жаман да мол);

П-4. *Қатаң тәртіп шексіз тәртіпсіздікке әкеп соғар*

! АА =? АА @ тәртіп пен тәртіпсіздік; (жақсы мол — жаман да мол);

П-5. *Өзіңді үйіңдегідей сезін, алайда қонақта екеніңді ұмытпа*

! А =? А @ ұстаным (жақсы = жаман) [ұстаным]

П-6. *Үндемегеннен үйдей пәле шығады*

! А =? А @ үндемеу (жақсылық = жамандық);

Халықтар тілінің қоғамның даму барысындағы атқаратын қызметі өте зор, өйткені ұлттық-мәдени дүниенің даму деңгейі тілдің даму шеңберімен тығыз байланысты. Ал осы әдеби тілдің байлығы мен мәдениетін, көркемдігі мен бейнелілігін арттыратын лексикалық категория — бұл мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдің қалыптасуына белгілі бір жағдаяттар негіз болады да, әр халықтың мәдени дәстүрі, әдет-ғұрпы, ортасы, діни нанымдары мен дүниетанымы, психологиясын көрсетеді.

Бұл мақал-мәтелдің басқа мәдениет қорынан ерекшелігі көлемі жағынан қысқа, мазмұн жағынан тереңдігінде ғана емес, көңілге ерекше қонымды, ұжымдылығында және барлық халыққа бірдей ортақтығында.

Әдебиеттер тізімі

1. *Қайдар Ә.* Халық даналығы. — Алматы: Толғанай, 2004. — 32-б.
2. БЭС: Большой энциклопедический словарь: В 2-т. — М.: Сов. энцикл., 1991. — С. 6.
3. *Kuusi M.* Concerning Folk Paradoxes Mind and Form in Folklore. — Helsinki, 1994. — P. 131–141.
4. *Mieder W.* Popular views of the proverb. — P. 2 (1985). — P. 109–143.